Сыр бойы

№143
(19626)
27 ҚЫРКҮЙЕК,
БЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

Мерейтойлық шаралар

27 қыркүйек
Сағат: 10:00.
«Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы.
«Ақмешіт-Сырдария» мешіті.

Сағат: 11:00.
Облыстық еңбек форумы
А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі.

28 қыркүйек
Сағат: 10:00.
«Этноауыл», «Қымыз-шұбат», «Қауын-қарбыз» фестивальдары
Сыр сүлейлері» аллеясы.

Сағат: 18:00.
Қызылорда қаласының 200 жылдығына арналған салтанатты шара
Н.Бекежанов атындағы драма театр.

Сағат: 18:00.
Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойына арналған эстрада жұлдыздарының гала-концерті
Орталық алаң.

29 қыркүйек
Сағат: 9:00
Ауыл шаруашылық өнімдерінің облыстық жәрмеңкесі
Қала орталығы.

Сағат: 10:00
«Сыр тұлпары» ат бәйгесі
Қызылорда қаласының ипподромы.

Сағат: 17:00
Түйе палуандар сайысы
«Евразия» спорт кешені.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті қызылордалықтар!

Сіздерді сүйікті қаламыздың 200 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл Елордамыз Астананың 20 жылдық және Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойларын қатар атап өтудеміз. Бұл Қазақстанның алғашқы және қазіргі астаналары арасындағы ерекше рухани байланысты аңғартады.

Екі ғасыр ішінде Қызылорда қаласы тарихы бай, көрікті әрі заманауи қала болып қалыптасып, ұлттық рухани құндылықтардың ұйытқысына айналды.

Қызылорда қаласы Жанкент, Шірік-Рабат, Сығанақ сынды ежелгі астаналардың және Ақ Орда мен Алтын Орда сияқты хан ордаларының аумағы, Кеңес Одағы кезінде Қазақстанның астанасы, сондай-ақ, ағарту, саяси және өнеркәсіптік даму орталығы болды. Ұлтымызға «қазақ» атауын қайтару туралы шешім де дәл осы киелі мекенде қабылданды.

Астана қаласына қарап бой түзеген Қызылорда Сырдарияның сол жағалауына қарай кеңейіп, өзінің қос ғасырлық мерейтойына ерекше сый жасап отыр. Келешекте де сәулеті мен дәулеті келіскен қаламыз орасан жетістіктерімен ел дамуына зор үлес қоса бермек.

Қымбатты жерлестер!

Сүйікті қаламыздың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан баршаңыздың еңбектеріңізге ризашылық білдіре отырып, Сіздерге толағай табыс, отбастарыңызға бақ-береке тілеймін!

Халқымыздың қажырлы еңбегі мен еліміздің мызғымас бірлігі тәуелсіз Қазақстанның қарыштап дамуының негізіне айналсын!

Гүлдене бер, өсе бер, сүйікті Қызылорда! Мереке құтты болсын!

Құрметпен,
облыс әкімі Қырымбек КӨШЕРБАЕВ.

ҚЫЗЫЛОРДА – ТУҒАН ЖЕРІМ, ДУМАНДЫ ЕЛІМ

Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевпен сұхбат

– Құрметті Нұрлыбек Машбекұлы, Елбасы Алаштың анасына теңеген қасиетті Сырдың екі ғасырлық тарихын кеудесіне басқан Қызылорда соңғы жылдары кереге жайып, келбеттеніп келеді. Туған шаһарымыздың төл тойының аталып өтілуі өңімізді де, жанымызды да түлетіп, жарқын көңіл-күйге бөледі. Атап айтсақ, той болады дегеннен бері бүгінге дейін облыс бойынша әртүрлі бағытта 40-қа жуық мәдени шара ұйымдастырылыпты. Солардың бірі кеше ғана дүбірлеп өткен Тасбөгет кентінің 70 жылдығына арналған шаралар. Әсіресе, жұртшылыққа қазақша күрестің облыстық турнирі, республикалық айтыс және қазақ ән жұлдыздарының концерті ерекше сезім сыйлады.

Сөзді қала тойын атап өтудің маңызы мен қала халқын алдағы күндерде тағы қандай қызықшылықтардың күтіп тұрғанынан бастасақ..

– Еліміздің жүрегі елордамыз Астананың тарихи тағылымы терең 20 жылдық мерейтойымен қабат келген туған қаламыздың 200 жылдығын атап өтудің маңызы зор. Себебі, бұл қарапайым мереке емес, бұл – тарихқа тағзым, болашаққа бағдар.

«Той халықтың қазынасы» деген. Бұл тойды өткеннен өнеге алуымыз, бабалардан қалған бай мұра мен асыл құндылықтарымызды ертеңгі ұрпаққа аманаттау, ұлттық қасиетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптеуіміз деп түсінуіміз керек.

Қазақылықтың қайнары, бірлік-берекенің байламы болған Сыр елінің сұлу шаһары Қызылорда – небір тарихи кезеңдердің куәсі, тұғырлы тұлғаларды түлеткен ақ босаға, соны бастамалар мен тың жаңалықтардың қасиетті ордасы.

2-бет

Týǵan jer

БАҚ ҚОНҒАН батырлар ауылы

Берекелі күз мезгілінің жазға бергісіз тамылжыған күнінде еліміздегі ауыл атаулыға үлгі болған Сырдария ауданының Н.Ілиясов атындағы ауылына жол тарттық. Бұрынғылар «кемпіршуақ» деп атайтын жаймашуақ кез осы шығар. Адамды жан тыныштығына бөлейтін мәуелі мезеттің өзіне тән барлық бояуы айналаның ажарын кіргізіп, айқындала түскен.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Наға ауылы... Қайсыбір жылы Елбасы «Барлық ауыл Наға ауылындай болсын!» деп, жоғары баға берген алтын бесік. Қазақстанның Еңбек Ері, Мәжіліс депутаты Абзал Ералиевтің инвесторлығымен, қамқорлығымен бүгінгі биігіне көтерілген елді мекен. Бүгінде «Абзал және К» толық серіктестігі еліміздегі күріш өндіруші компаниялардың көшін бастап тұр.

Көлігіміз гүлзар баққа оранған көшені көктей өтіп, орталыққа келіп тоқтады. Бейсауыт жүрген бір жанды кездестірмедік. «Мағжан және К» шаруашылығының кеңсесінің жанына аялдап, бұл жерден ешкімге жолыға алмайтынымызға көзіміз жетті. Расында, мұндай жауапты мезгіл, мазасыз маусымда кеңседе кім отырушы еді?

3-бет

1-бет

ҚЫЗЫЛОРДА – ТУҒАН ЖЕРІМ, ДУМАНДЫ ЕЛІМ

Ал, 200 жылдықты мерекелеудің 2-бөлімі ретінде қала халқы мен қонақтарды 28 қыркүйек күні өтетін негізгі шаралар күтеді.

Бұл күні «Сыр сүлейлері» аллеясындағы «Этноауыл», «Қымыз-шұбат», «Қауын-қарбыз» фестиваліне ұласады.

Мерекелік негізгі шаралардың жалғасы ретінде Н.Бекежанов атындағы драма театрындағы салтанатта қоғам қайраткерлеріне, аймағымыздың қоғамдық-саяси, экономикалық дамуына үлесін қосқан азаматтарға арнайы әзірленген мерейтойлық медальдарді табыстау рәсімі ұйымдастырылады.

Айтулы мерейтойға арналған шаралар орталық алаңда өтетін эстрада жұлдыздарының қатысуымен «Мерейлі мерекеңмен, Қызылорда!» атты гала-концертпен қорытындыланады.

Мұндай мерекелік шаралар тек қаланың өзінде ғана емес, қалаға қарасты елді мекендерде де ұйымдастырылады.

– Керемет той шаралары күтіп тұр екен. Той алдында қаламыздың қырмызыдай құлпырған бет-бейнесін көзіміз көріп отыр. Айтулы мерекеге халықтың әлеуметтік осал топтары өкілдері толықтай қамтылып, 1000-ға жуық отбасыға көмек көрсетілмек.

Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтар арасында «Үздік маман-2018» облыстық байқауы ұйымдастырылып, «IMAQORDA» технопарк жобасының ашылу рәсімі өтеді.

Спорт жарыстарын және түрлі жастағы санаттар үшін сауықтыру іс-шараларын қамту мақсатында «Алыптар шықты айқасқа» – түйе палуандар сайысы, «Сыр тұлпары» – бәйге түрлерінен ат жарысы өткізіледі.

Сондай-ақ, қаланың бірнеше аумағында төмендетілген бағамен ауылшаруашылық өнімдерінің облыстық жәрмеңкесі ұйымдастырылып, оған аймағымыздың жеке кәсіпкерлерін тарту көзделуде.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, қаламыздың көлемі бірнеше есеге ұлғайып, халқының саны өсті, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлер, демалыс орындары, саябақтар, жаңа шағын аудандар мен көшелер пайда болып, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті артты.

Бұл – Сыр жұртшылығының бір жеңнен қол шығарған ынтымағы, жерлестеріміздің бізге артқан сенімі мен қолдауы, соның арқасында бірлесе атқарған еңбегіміздің жемісі.

Осы мақсатта, облыс әкімінің бастамасымен қала тұрғындары үшін тарихи маңызға ие болған мерейтолық датаны атап өту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп отыр.

Атап айтсақ, 23 қыркүйек пен 11 қазан аралығын қамтитын ірі көлемді шаралар бойынша желілік кестенің жобасы әзірленді. Облыстық деңгейде жоспарланған 17 шараның негізгілері ретінде А.Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өтетін аудан әкімдіктерінің қала мерекесіне арналған мәдени шараларын атап көрсетуге болады. Осы шаралар барысында әрбір аудан қайырымдылық акцияларын өткізеді.

Сондай-ақ, мәдени-бұқаралық іс-шаралар, оның ішінде облыстық әдеби жыр марафонын ұйымдастырып, оған өңіріміздің танымал жыршыларын қатыстыру жоспарланды.

Мерекелік шараларға мүмкіндігі шектеулі азаматтардың үлесін қосу мақсатында облыстық фестиваль өткізіліп, дәстүрлі облыстық еңбек форумы ұйымдастырылады.

Ал, «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы аясында көпбалалы отбасылар, техникалық қызмет көрсету орталығы секілді бірнеше тұрмыс қажетін өтеу нысандары өз жұмысын жүргізіп отыр.

Қала маңындағы елді мекен тұрғындарына сапалы жолаушылар тасымалын ұйымдастыру мақсатында 5 кәсіпкер орта сыйымдылықтағы қоғамдық көлік сатып алып, 11 кәсіпкер өз кәсіптерін дамыту мүмкіндігіне ие болды.

– Соңғы жылдары Қызылорда қаласында жол құрылысын дамыту жақсы жолға қойылып, көптеген көшенің қайта жаңғыртудан, күрделі жөндеуден өтіп жатқанына куәміз. Осы төңіректен де қысқаша мәлімет бере отырсаңыз.

– Жол түзу болмаса, іс те түзелмейді. Жол өмірдің күре тамыры емес пе? Сондықтан бұл тұрғыдағы жұмыстар қарқыны бәеңдеген емес, әлі де жүргізіле береді. Нақтырақ айтсақ, қала көлемінде 1 млрд 805 млн теңгеге жалпы ұзындығы 80,5 шақырымды құрайтын 103 көшеге орташа, ағымдағы, күрделі және қайта жаңғырту жұмыстары жасалды. Ұзындығы 150 шақырымды құрайтын 39 көшеге жаяу жүргіншілер жолдары салынды. 44 шақырымдық 94 көшеге жарық бағаналары орнатылды. 72 көпқабатты тұрғын үйдің аулаішілік жолдары мен автотұрақтары жөнделді.

Қала орталығындағы ұзындығы 1,3 шақырым болатын Тоқмағанбетов көшесіне, Қазыбек би көшесінен Байтұрсынов көшесіне дейін орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 174,5 млн теңге бөлінді.

Ұзындығы 2,17 шақырым болатын Байтұрсынов көшесіне, Абай даңғылынан Тоқмағанбетов көшесіне дейін орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге 145,5 млн теңге жұмсалды.

Жаппасбай батыр көшесіне, Қорқыт ата көшесінен көпірге дейін орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге 183,6 млн теңге бөлініп, бүгінгі күні Жаппасбай батыр және Байтұрсынов, Тоқмағанбетов көшелеріндегі жұмыс толығымен аяқталды.

Қалаға қарасты елді мекендердің жолдарын жөндеу жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Қараөзек және Қосшыңырау ауылдық округтерінде, Қызылөзек, Иіркөл елді мекендеріне ұзындығы 24,5 шақырымды құрайтын кіреберіс жолдардың орташа жөндеу жұмыстарына республикалық, облыстық бюджеттен 234 млн 900 мың теңге бөлінді. Тасбөгет кентіне облыстық бюджеттен бөлінген 28 млн теңгеге ұзындығы 1,2 шақырым жерге 67 дана жарық бағаналары орнатылды. Ақсуат ауылдық округінде 7,3 шақырым болатын 12 көшенің орташа жол жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 83,2 млн теңге бөлінді.

– Соңғы жылдары қаламызда жаңадан бірнеше шағын аудан бой көтеріп, 7 мыңнан астам қызылордалықтың баспаналы болғанын біле мыз. Қала мерекесі үстінде де біраз жерлесіміз пәтерлі болатын шығар?

– Биылғы мерейтойдың басты тартуы – аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлының тікелей бастамасымен қолға алынған сол жағалаудағы «Жаңа қала».

Сырдарияның сол жағалауындағы 16 көпқабатты тұрғын үй мен «Абу-Сер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі салған 320 орындық балабақшаның құрылысын пайдалануға беру жыл соңына жоспарланып отыр.

Мұнан бөлек, қазір қалада 133,2 мың шаршы метр болатын 36 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы салынуда.

Жеке инвесторлардың өз қаржысы есебінен 960 пәтерлік 22 көпқабатты тұрғын үй, мемлекеттік бағдарламалар арқылы 670 пәтерлі 14 көпқабатты тұрғын үй бой көтеріп келеді.

Бұл бағыттағы жұмыстардың ең ауқымдысы Сырдария өзенінің сол жағалауында жүргізіліп жатыр. Жаңа қалада республикалық, облыстық бюджеттерден 220 пәтерлік 4 көпқабатты арендалық тұрғын үй мен 240 пәтерлік 4 көпқабатты кредиттік тұрғын үй құрылысы қолға алынған. Бұл үйлер жыл соңына дейін табысталмақ.

Басындағы жалғыз баспанасы апатты деп танылған тұрғындар жағдайы ең өзекті мәселелердің бірі болатын.

2013-2018 жылдар аралығында қаламыздағы апатты жағдайдағы баспана тұрғындары ретінде кезекте тұрған 671 отбасына жаңа пәтерлердің кілті табысталды.

Осы мәселені түбегейлі шешу үшін атқарылған ауқымды жұмыстардың нәтижесінде шын мәнінде баспанаға мұқтаж тұрғындар 100 пайыз жаңа пәтерлермен қамтамасыз етілді.

– Жаңалық пен жақсылыққа толы әңгіменізге рахмет. Туған қаламыздың мерекесі құтты болсын!

***

Қала әкімі баяндаған деректердің бәрін сұхбатқа сыйғыздық дей алмаймын. Мақсатымыз мереке үстінде қаланың тыныс-тіршілігіне бір шолу жасап, атқарылып жатқан жұмыстардан жұртшылықтың да хабардар бола отыруы еді.

Әңгімелескен Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.
«Сыр бойы».

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Дидар Қымызбайұлы Бұлтанов Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Д.Бұлтанов 1976 жылы туған. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін «экономист-менеджер» және «Фемида» заң академиясын «юриспруденция» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2003 жылы «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ бас есептеу орталығының инженер-математигі лауазымында бастады.

2002-2012 жылдары жеке және квазимемлекеттік секторларда жауапты қызметтер атқарған.

2012-2017 жылдары Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінде Ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік бөлімінің прокуроры, аға прокуроры.

2017 жылдың тамыз айынан бастап осы кезге дейін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінде Ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің бастығы қызметін атқарып келді.

Baspasóz týry

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТКЕ ХАЛЫҚ РИЗА

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қазақстандықтардың орташа жасын көтеруге байланысты кешенді шаралар тұрақты жүргізілуде. Ұзақ жылғы жұмыс нәтижесіз де емес. Бұл тұста сапалы медициналық қызмет көрсететін емдеу орындарының үлесі айқын екенін айту керек. Солардың бірі – Байқоңыр қаласындағы аурухана жанынан ашылған емхана. Байқағанымыздай, жұлдызды қалашықтағы емханада тұрғындар толық медициналық тексеруден өтіп, тегін берілетін дәрі-дәрмекке, көрсетілетін ауқымды қызметке қол жеткізуге мүмкіндік алған. Бұл Елбасы Жолдауындағы «Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуы тиіс» деп жүктеген тапсырмасының қолға алынғандығының көрінісі.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

– Медицина саласының дамуы, қолжетімділігі һәм кәсібилігі күн тәртібінен түспейді. Облыс әкімдігі тарапынан салаға деген қамқорлықтың артуы Байқоңыр қаласындағы көпшіліктің көңілін күпті еткен мәселелердің оң шешімін табуына сеп болды. 2010 жылдан бері тұрған перзентхана ғимаратына 2014-2015 жылдары жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ел игілігіне берілді. Ресей-Қазақстан тараптары арасындағы келіссөз барысында осыдан екі жыл бұрын Байқоңыр қаласында қазақстандық медициналық ұйым ашу туралы келісімге қол жеткізілді. Осының негізінде бізде тәжірибелік режимде көпсалалы аурухана – облыстық медицина орталығының филиалы ашылды. Көпбейінді стационардың құрамында 30 төсектік терапиялық, 20 төсектік күндізгі стационарлық бөлімше бар. Жыл басында емхана жұмысы іске қосылды. 14 мыңнан астам халық тіркелді. Республикалық бюджеттен 64 млн теңге қаржы бөлініп, қажетті медициналық құрылғылар сатып алынды, – деді ОМО Байқоңыр филиалының емхана ісі жөніндегі меңгерушісі Гүлденген Шаповал.

Гүлденген Кітабиақызы мекемеде кардиолог, офтальмолог, балалар тіс дәрігеріне сұраныс барын жасырмады. Бүгінде жас мамандарды жұмысқа тартудың тиімді жолы қарастырылып жатыр. Дегенмен, мұнда елді мекендердегі дәрігер тапшылығын азайтуды мақсат ететін, алысты қас-қағымда жақындататын телемедицинаға жүгінушілер қатары қалың екен.

– Жүрек-қан тамырлары дертімен диспансерлік есепте тұрамын. Бұрындары маман жетіспеушілігінен жер-жерге жіберетін. Қазір бірыңғайланды. Өте қуаныштымыз. Дәрігерлер ем-шаралар жүргізіп, қолдан келгенін жасауда. Жаңа, тиімділігі мол технология арқылы облыс орталығындағы білікті дәрігерлерден қашықтықтан кеңес аламыз. Бұл – біз секілді емделуші мен дәрігердің бірігіп жұмыс істеуіне қажет дүние, – деді Төретам кентінің тұрғыны Аралбай Смағұлов.

Емхана ішін аралап, ақ халаттылар жұмысымен танысу кезінде осындай мәліметтерге қанықтық. Ең бастысы, дәрігерлер қажетті медициналық көмек көрсету үшін аянбай еңбектенетініне көзіміз жеткізді.

Суретті түсірген: **Н.НҰРЖАУБАЙ.**

ҚАМЫСҚАЛАДАН ҚЫЗЫЛОРДАҒА ДЕЙІН

Дария бойындағы қазақтардың Қамысқала атты елді мекені 1817 жылы Қоқан хандығынан қорғану үшін салынған бекініс болатын. 1818 жылы жұртшылық жаңа бекіністі алыстан көрінетін мешітке байланыстырып, Ақмешіт деп атап кетті.

1847-1848 жылдары орыс билігін мойындамаған қазақтарды бағындыруға және Орта Азия хандықтарының шекарасына жақындай түсу мақсатында патшалық Ресей Сырдарияның төменгі ағысының бойына Райым, Қазалы форты секілді әскери бекіністер сала бастады. Сөйтіп, орыс әскерлеріне біртіндеп Сырдарияны бойлап жоғары жылжуға және қоқандықтардың ірі бекіністерінің бірі Ақмешітке кіруге жол ашылды.

1853 жылы 28 маусымда Орынбор генерал-губернаторы басшылық жасаған орыс әскерлері бірнеше күн қоршап, зеңбіректен атқылап, Ақмешітті басып алды.

Осылайша Ресей патшасы Қоқан және Хиуа хандықтарына саяси қысым көрсетуге мүмкіндік алып, сыртқы саясатының маңызын арттыра түсті. Осы жылы генерал В.А.Перовскийдің құрметіне бекініс Перовск форты деп аталды. 1867 жылы Перовскіге қала мәртебесі беріліп, уезд орталығына айналды.

1901-1906 жылдары қала үстімен «Орынбор-Ташкент» темір жолы жүргізілді, депо, бүгінгі вокзал ғимараты салынды. Кеңес өкіметі Қазақстанда алғашқы болып 1917 жылы 30 қазанда осы Перовскіде орнады. 1922 жылы қаланың Ақмешіт аты қайтарылды.

1925 жылдың 15 сәуірінде Ақмешітте Қазақ АССР Кеңестерінің V съезі ашылып, онда "Қырғыз республикасын" "Қазақ республикасы" деп атауға қаулы алынды және Ақмешітті Қызылорда деп атап, оны Қазақстанның астанасы етіп бекітті. Осы жылдары А.Байтұрсынов, С.Сейфулин, Т.Жүргенов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, І.Жансүгіров, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, т.б. Алаш зиялылары Қызылордада жұмыс істеді.

Сөйтіп, өз тарихында Қызылорда атауы 1818 жылы – Ақмешіт, 1853 жылы – Перовск форты, 1867 жылы – Перовск қаласы, 1922 жылы қайтадан – Ақмешіт, 1925 жылдан бері Қызылорда қаласы болып 5 рет өзгертілді.

1938 жылы Қызылорда облыс орталығына айналды. Қалада электр станциясы, диірмен, наубайханалар, балық өңдеу, күріш, кірпіш зауыты жұмыс істеп тұрды. ҰОС-дан кейінгі жылдары аяқ киім фабрикасы, ет комбинаты, астық өнімдері комбинаты, сүт зауыты, целлюлоза-картон зауыты, тоқылмайтын маталар фабрикасы іске қосылды. Гагарин, Титов атындағы шет аймақтар қала көлемін арттыра түсті. Оқу орындары мен мәдениет ошақтары ашылды. 1980-1990 жылдары қала көшелерінде сәнді үйлер, зәулім ғимараттар бой көтерді.

1996 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен «Қызылорда арнайы экономикалық аймағы» құрылды. АЭА бағдарламасы негізінде қалада жекешелендіру, акционерлендіру, инвестиция тарту секілді жұмыстар жүргізілді. Өнеркәсіп, сауда, байланыс қатынастары реттелді.

Қызылорда қаласының іргесі қаланғанына 200 жыл толып отырған бүгінгі күнге дейінгі тарихы осылай өріледі.

тағы қандай тартуларымыз бар?

– Жыл басында қала бюджеті 42 млрд. 115,7 млн теңге болып бекітіліп, бүгінгі күнге 51 млрд. 118,6 млн теңгені құрады.

2018 жылғы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 46 млрд 351 млн теңге болса, соның облыс бойынша алғандағы 43,6 проценті Қызылорда қаласының үлесіне тиесілі.

«Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында құрылған «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларына орай нақтыланған мал сатып алу жоспары бекітілді.

Бұдан бөлек, елді мекендерді несиелендіру бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау» қорына «Жұмыспен қамту орталығы» арқылы 150 адамның тізімі жолданып, бүгінде 38 адам 163 млн. теңге несие алды.

Мемлекеттік бағдарламалардың бірі «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша биылғы жылы 75 маманға көтерме жәрдемақы үшін 15 млн 87 мың теңге, 28 маманға баспана алу үшін 96 млн 117,9 мың теңге жеңілдетілген несие берілді.

– Облыста үш жыл «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылдары» деп жариялау туралы шешім қабылданды. Дамудың негізгі көзіне айналған бұл саланың халахуалына да тоқтала кетсеңіз...

– Облыс бойынша нақты жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің 48,9 проценті Қызылорда қаласының үлесінде.

Осы жылдың 1-ші тамызына дейінгі мерзімде қала бойынша 26335 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның ішінде жеке кәсіпкер – 19969, заңды тұлға – 5552, шаруа қожалықтары 814-ті құрады.

Жыл басында нақты жоспарлы көрсеткіштер қамтылған «Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты кент, ауылдық округтердің кәсіпкерлікті дамыту бойынша Жол картасы» бекітілді. Карта аясында жалпы құны 3 млрд теңгені құрайтын 218 жоба іске қосылып, 355 жаңа жұмыс орны ашылды. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында қалада жыл басынан бері шағын несиелендірумен 116 жоба қаржыландырылды.

Бұдан бөлек, жыл соңына дейін қаржы мәселелерінің оңтайлы шешілуіне орай қаржы ұйымдарына жоба құжаттары ұсынылы береді.

Жыл басынан 3 млрд теңгені құрайтын 62 жоба «Өңірлік үйлестіру кеңесінен» қолдау тапты. Қалаға қарасты елді мекендерден қайтарымсыз грант алуға құны 426 млн теңгені құрайтын 171 жобаның құжаттары конкурстық комиссия қарауына ұсынылып, жалпы құны 63 млн теңгені құрайтын 52 жоба қолдауға ие болды.

Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында қолға алынған жобалардың нәтижесінде, қалаға қарасты елді мекендерде тігін цехы, наубайхана, қонақ үй, автокөліктерге техникалық қызмет көрсету орталығы секілді бірнеше тұрмыс қажетін өтеу нысандары өз жұмысын жүргізіп отыр.

Қала маңындағы елді мекен тұрғындарына сапалы жолаушылар тасымалын ұйымдастыру мақсатында 5 кәсіпкер орта сыйымдылықтағы қоғамдық көлік сатып алып, 11 кәсіпкер өз кәсіптерін дамыту мүмкіндігіне ие болды.

– Соңғы жылдары Қызылорда қаласында жол құрылысын дамыту жақсы жолға қойылып, көптеген көшенің қайта жаңғыртудан, күрделі жөндеуден өтіп жатқанына куәміз. Осы төңіректен де қысқаша мәлімет бере отырсаңыз.

– Жол түзу болмаса, іс те түзелмейді. Жол өмірдің күре тамыры емес пе? Сондықтан бұл тұрғыдағы жұмыстар қарқыны бәеңдеген емес, әлі де жүргізіле береді. Нақтырақ айтсақ, қала көлемінде 1 млрд 805 млн теңгеге жалпы ұзындығы 80,5 шақырымды құрайтын 103 көшеге орташа, ағымдағы, күрделі және қайта жаңғырту жұмыстары жасалды. Ұзындығы 150 шақырымды құрайтын 39 көшеге жаяу жүргіншілер жолдары салынды. 44 шақырымдық 94 көшеге жарық бағаналары орнатылды. 72 көпқабатты тұрғын үйдің аулаішілік жолдары мен автотұрақтары жөнделді.

Қала орталығындағы ұзындығы 1,3 шақырым болатын Тоқмағанбетов көшесіне, Қазыбек би көшесінен Байтұрсынов көшесіне дейін орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 174,5 млн теңге бөлінді.

Ұзындығы 2,17 шақырым болатын Байтұрсынов көшесіне, Абай даңғылынан Тоқмағанбетов көшесіне дейін орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге 145,5 млн теңге жұмсалды.

Жаппасбай батыр көшесіне, Қорқыт ата көшесінен көпірге дейін орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге 183,6 млн теңге бөлініп, бүгінгі күні Жаппасбай батыр және Байтұрсынов, Тоқмағанбетов көшелеріндегі жұмыс толығымен аяқталды.

Қалаға қарасты елді мекендердің жолдарын жөндеу жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Қараөзек және Қосшыңырау ауылдық округтерінде, Қызылөзек, Иіркөл елді мекендеріне ұзындығы 24,5 шақырымды құрайтын кіреберіс жолдардың орташа жөндеу жұмыстарына республикалық, облыстық бюджеттен

1-бет



Бақ қонған батырлар ауылы

Қырмандағы береке

Ауылдан бір шақырымдай шеткері қырманға қарай бет түзедік. Тақтайдай тегіс асфальт жол діттеген жерімізге көзді ашып-жұмғанша жеткізді. Қыз-қыз қайнаған тірлік, үзіліссіз жұмыс істеп тұрған агрегаттар, үйілген дән... Мұнда жұмысшылар екі ауысыммен еңбек етуде. Қытайлық, оңтүстік кореялық және германдық күріш тазалайтын зауыттар автоматтандырылған. Адам қолымен атқарылатын жұмыс аз. Зауыттар оператордың басқаруында. Шашылған дәнді жинауға ғана қыз-келіншектер жұмылдырылған. Алып жүк көліктері егіс пен қырманның, қырман мен қойманың арасындағы жолда жүйткиді.

Қырман басындағы ескі үйлердің қатарына қызыл кірпіштен жаңа құрылыстар салыныпты. Бірі – офис, екіншісі – қарауылдың үйі. Бізді күтіп алған шаруашылық басшысы Дархан Ералиев 112 қызметінен келген хабарламаға алаңдап тұр екен. Әлгінде ғана алдағы жауын-шашынның хабары тараған. Аспан алабұлттанғанмен, әзірге егінші ағайынның адымын аштырмайтын жауын жауған жоқ. Бірақ ертеңге арналған болжам көңіл көншітпейді. Желдің бағыты да бөлек.

– Биыл 4800 гектардай күріш ектік. Шығымы жаман емес. Ауа райы қолайсыз болғанын білесіздер. Жылда бұл уақытта орақ аяқталатын. Көктем кеш шығып, күн салқын болды. Қажетті қызуын алмағандықтан күріштің вегетациялық кезеңі созылып кетті.

Орақ кеш басталғанмен, техника жеткілікті. Қазір 60 проценттейін орып, 40 процентін бастырып болдық. Күн райы бұзылып кетпесе, қазанның алғашқы бескүндігіне дейін аяқтаймыз, – деді ол.

Келесі жылы қырман басына жұмысшыларға арналған жатақхана мен асхананы жаңадан салу жоспарланған. Қазіргі асхана тәулік бойы жұмыс істейді. Күндіз екі аспаз, түнде бір аспаз ауысыммен шығады.

Шаруашылықтың тұқым дайындайтын зауытында да жұмыс үзіліссіз жүріп тұр. Былтыр 10 мың тоннадан астам тұқым 14 қоймаға құйылған еді. Қазір серіктестік бүкіл облысқа элиталы тұқым дайындайды. Сапасын ресейлік тұқымдарға жеткізу үшін жұмыс жасалуда. Оған қоса жоңышқа тұқымын әзірлейтін зауыт салынды. Аймақ шаруашылықтары осы жерден күріштің де, жоңышқаның да тұқымын тапсырыс беріп алады. Бұл жерде екі зауытпен қатар қоймалар жабдықталған.

Жалпы шаруашылықта 380 адам тұрақты жұмыс істейді. Көктемгі егіс, күзгі орақ кезінде науқандық жұмыстар есебінен адам саны 460-қа дейін көбейеді. Ауылда жұмыссыздық жоққа тән. Еңбек етуге ниетті азаматтарға жұмыстың көзі жеткілікті. Жыл сайын Тәуелсіздік күні қарсаңында қорытынды шығарылып, еңбеккерлерге қосымша ақы төленеді. Үздік нәтиже көрсеткен жұмысшылар 1,5-2 млн теңгеге дейін қаржылай сыйақы иеленеді.

Ырыздыққа біткен алтын дән

Күріш орған комбайндар Шухрат Бизақ басқаратын №7 бригаданың атыздарына шоғырланып қалыпты. Алтын дәннің басы жерге тиіп, иіліп тұр. Бригада құрамындағы күрішші, сушылар 450 гектар жерге егілген күрішті төкпей-шашпай жинап алу үшін аянбай еңбек етуде.

– Жартысынан астамын орып болдық. Өнім гектарына 65-70 центнерден айнала ма деген үмітіміз бар. Техникамыз сайлы болған соң, жұмыс тоқтамайды. Жігіттер жауын-шашынға қалмасақ деп еңбек етуде, – деді бригадир.

Жүзін жел қақтаған адамдардың жанкешті тірлігін көргенде еңбек ырғағын бұзатын жауын-шашынның кідіре тұруына іштей тілекші боласыз. Ерте көктемнен бері бел жазбай, дәнді баладай баптаған жандар еңбегінің қайтарымын көрер кезді асыға күтті емес пе? Күріштікті қақ жарған дала кемесі әлгінде ғана ұшы-қиыры жоқтай болып көрінген алқаптың шетіне жақындап қалды. Осы қарқын сақталса, орақ науқаны ұзаққа созылмайтын сыңайлы.

Биыл шаруашылық 120 гектар жерді жаңадан ашып, тұқым тың жерге егілді. Жаздыгүні күллі облыс күрішшілерін алаңдатқан су тапшылығы «Мағжан және К» серіктестігін де айналып өткен жоқ. Кей атыздарға су шықпай қалғанмен, жалпы өнімнің шығымы тәп-тәуір. Алқаптарда американдық «John Deere», «Case», немістің «Claas», ресейлік «Енисей» комбайндары, «MacDon», басқа да жаткалар жүріп жатыр. Тасымал көліктері де жеткілікті.

Бастысы, қырманды алтын дәнге толтырған диқан қауымының көңілі тоқ. Ырыздыққа біткен несібені жинап алуға жұмыла кіріскендері іс-қимылдарынан байқалады.

Бітер істің басы

Біздің жолбастаушымыз Нұрмағамбет Қуандықов Наға ауылының бұрынғы әкімі, бүгінде ауылдық қоғамдық кеңестің төрағасы. Үлгілі елді мекеннің тарихын, қалыптасу, өркендеу жолын бір адамдай білетін кісі.

– Бұл ауылдың негізін 1966 жылы Кеңес Одағының батыры Наға Ілиясов қалаған. Сол кезде Мәдениет үйі, мектеп, балабақша, кеңсе, дүкен салынды. 1972 жылы ауыл басшылығына Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисенов келді. Ол кісі де ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына айтулы үлес қосты. Тоқсаныншы жылдардағы өтпелі кезең ешкімге оңай тимегені белгілі. Бір жақсысы, біздің ауыл серіктестіктерге бөлініп, ыдыраған жоқ. 2003 жылы туған жеріне Абзал Ералиев келіп, инвестор болу ниетін білдірді. Бұл – болашақ Қазақстанның Еңбек ерінің ауылды гүлдендіруге алғаш қадам жасаған кезең еді, – деп әңгіме бастады ол.

«Мағжан және К» серіктестігінің негізі 2005 жылы көктемгі егіс науқаны қарсаңында қаланды. Алғашында 1000 гектардың үстінде күріш егіп, одан жақсы өнім алды. Еңбеккерлерге айлық жалақысын төлеп, үздік нәтиже көрсеткендерге қосымша ақы беріп, елдің еңсесін бір көтерді. Содан 3 жыл бойы шаруашылықты аяғынан нық тұрғызу, материалдық базасын жасақтау, яғни, техника, тыңайтқыш сатып алу жұмыстары үздіксіз жүрді. Қалыптасу кезеңі көп ұзаған жоқ. 2008 жылдан ауылды көркейту, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары қолға алынды.

Жұмыстың басы ауылдың әр тұсында үйіліп қалған қоқысты шығарудан басталды. Шаруашылық жұмысшылары осы тірлікті еңсеру үшін 3 айдай тер төкті. Техника мен адам күшін біріктірген жұмыстың нәтижесі көзге бірден көрінді. Келесі жылда сауда орталығы, бұрынғы ауыл әкімдігі, мектеп, Мәдениет үйі жөнделіп, мейрамхана, монша, тағы басқа құрылыстар мен нысандар салынды. Жабылып қалған балабақша іске қосылды.

Осылайша тоқсаныншы жылдардағы қатты қыста бүкіл жылу жүйесі жарылып қалған ғимараттың екінші тынысы ашылды. Машина-трактор ауласында, шеберханасында жыл он екі ай бойы жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасалды. Серіктестік 1984 жылы салынған «Тағзым алаңын» күрделі жөндеуге бюджеттен бөлінген 10 млн теңгеге 37 млн теңге қосып, жаңа ескерткіш жасады. Ескерткішке майданнан оралмаған 132 боздақтың есімі қашалды. Кейін соғыстан аман келіп, елге еңбегі сіңген сарбаздардың есімі де ұлықталды.

Нәтижеге жеткізген әріптестік

Одан әрі қарай жасалған жұмыстардың басым бөлігі мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жүзеге асты. Алдымен көшелерді асфальттау, жарықтандыру қолға алынды. Қазір ауылдағы 12 көшенің барлығында жол мен жарық бар. 2011 жылы күзде Елбасы аймаққа сапары кезінде Наға ауылына арнайы келді. Ауылдың берекелі қалпын, басқаларға айна боларлықтай бейнесін көріп, бағасын берді.

Кейінгі жылдары ауылдың көркіне көрік қосылып, бұрынғыдан да айбаттана түсті. Облыстық бюджеттен 180 млн теңге, шаруашылық 204 млн қаржы құйып, үлкен заманауи спорт кешені салынды. Кешен 4 бөліктен тұрады. Үлкен залда күрес, волейбол, баскетбол ойналады. Сосын жүгіру жолағымен жабдықталған футбол алаңы бар. Тренажер залы да келушілердің талғамына сай. Қазір мұнда таэквондо, дзюдо, қазақша күрес, футбол, волейбол секциялары жұмыс істейді. Ауыл жастары қолдары бос кезде осы жерден табылады. Жыл сайын дзюдодан жасөспірімдер арасында Қазақстан біріншілігі өтеді. Осы жарыстан ауылдың жас өрендері топ жарып жүр. Оған қоса кешен салынғалы тәртіптің нығайғаны, бос уақытын пайдалы, жоспарлы өткізетін жеткіншектердің көбейгені байқалды.

Мешіт құрылысына 137 млн теңге бөлініп, онда қызмет ететін имамдарға шаруашылық есебінен айлық төленеді. Қазір ескі мешіттің ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Оны ауыл музейіне айналдыру жұмыстары жүруде.

– Әзірге ұйымдастыру кезеңіндеміз. Ауылдың тарихына, адамдарына қатысты материалдарды, деректерді жинақтау жұмыстары ортадан ауды. Құндылықтарды бір арнаға тоғыстырып, жабдықтау жұмыстары аяқталған соң музей ашылады, – дейді Н.Қуандықов.

Наға ауылындағы әсем гүлзарлар, Биг-Бен үлгісіндегі сағат, субұрқақ сияқты көрікті нысандарға соңғы жылдары ауыл әкімдігінің жаңа ғимараты қосылды. Ғимаратқа аудандық бюджеттен 34 млн қаржы бөлініп, бір қабатты типтік жобамен салынуы жоспарланды. Бірақ бұл жоба Абзал Ералиев ұстанған қағидамен қабыспайтын еді. «Менің ауылыма мұндай ғимарат жараспайды. Еңселі, заманауи әрі ауылға сән беріп тұруы тиіс» деді. Жобасын да, дизайнын да өзі жасады. Шаруашылық есебінен қосымша қаржы бөліп, бас-аяғы 95 млн теңгеге еш жерде баламасы жоқ ауыл әкімдігін салды. Бойын тіктеп, күнге ұмтылған күріш бейнесі сәулетті ғимараттың бойтұмары сияқты.

Күріш екпейтін бригадалар

Күріш егумен айналысатын шаруашылықта құрамында күрішші мен сушысы жоқ үш бригада бар. Бірі – Батырбек Рахменшеевтің, екіншісі – Ерсайын Марқабаевтың, үшіншісі – Жамал Еспембетованың көркейту-көгалдандару және тазалық бригадалары. Әрқайсысының құрамында 5 адамы бар бригадалардың біріншісі ауыл көшелеріне гүл егумен, екіншісі ағаш егумен айналысса, үшіншісі – тазалыққа жауапты. Наға ауылының гүлшешекке оранған бүгінгі бейнесін осы еңбеккерлер өз қолдарымен жасап шыққан. Қазір 12 көшенің барлығына аяқсу апарылған, ағаштар қоршалған. Бұл жұмыстарға жыл сайын шаруашылық есебінен 40-50 млн теңгедей ақша жұмсалады. Күн суыған соң басқа бригадалар жұмылып, қураған өсімдіктерді жинайды. Жерді қопсытып, келесі жылға дайындайды. Көктемде де қарбалас тірлік басталмай тұрып, қол ұшын береді.

Тұрғындар үйіргелік жеріне майда дақылдарын, жеміс ағаштарын егіп, күнделікті тұрмысқа керекті өнімін алып отыр. Оған қоса сыртқа гектарлап бақша егушілерге жер беріліп, арнайы техника бөлінеді. Шаруашылық техникалары көктемде тұрғындардың жерін айдап, қарықтап береді.

Білімге салынған инвестиция

Даму сатысымен жоғары өрлеп келе жатқан шаруашылық қазіргі күннің басты мәселелерінің бірі – маман тапшылығын шешудің өзіндік жолын тапқан. Қазір Наға ауылына сырттан келіп жұмыс істеп, тұрақтап қалғандар көбейді. Шаруашылық агрономы Данияр Исин Петропавлдан келіп, осында еңбек етуде. Жалағаштың Жаңадария ауылының тумасы Манарбек бас агрономдықты атқарып жүр. Көршілес Шіркейлі ауылының жігіттері комбайнер болып жұмыс істейді.

Шаруашылық есебінен Ресейдің Краснодар аймағындағы жоғары оқу орнында агроном, гидротехник мамандықтары бойынша оқыған түлектердің алды институтты бітіріп келді. Қазір 2 маман жұмысқа кіріскі. Ал Брянск қаласындағы жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге қаржылай көмек көрсетіледі. Бұл – серіктестіктің болашаққа салған инвестициясы.

Алдағы уақытта ауылдағы дренаж жүйесін қалпына келтіру жоспарланған. Ыза су жеміс ағаштарына, басқа да өскіндерге зиянын тигізбес үшін Кеңес Одағы кезінен қалған вертикалды дренаж жүйесі күрделі жөндеуден өтеді. Тұрғындардың бақуатты тұрмысына, берекелі тірлігіне негізделген тағы басқа жобалар келешектің еншісінде тұр.

Бүгінде Наға ауылының әдемі көріністерін интернеттен де, кітаптардан да табуға болады. Қазір мұнда саялы бақты көзбен көріп, көлеңкесіне тыныстауға, хош иісті гүлдердің арасында суретке түсуге, субұрқақтың айналасында демалуға арнайы келетіндер көбейген. Жас жұбайлар той алдындағы фотосессияны осында өткізуді қалап, той күнгі қыдыратын орынның бірі ретінде Наға ауылын таңдайтын болған. Айналадағы мұнтаздай тазалық, көз тоймас көркемдік ең алдымен жанашырлықтан, сосын барып адам қиялының асқақтығынан хабар берсе керек. «Туған жерін абат баққа айналдырған Абзал Ералиевтің үлгісін іліп әкететіндер көбейсе, ауылдардағы жұмыссыздық, тәртіпсіздік сияқты келеңсіздіктер болмас еді» деген оймен біз де қайтар жолға жиалдық.

Н.Ілиясов ауылы,
Сырдария ауданы.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

ДАРИЯНЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ

немесе абзал аға Сейілбек Шаухаманов жайлы көңіл сыры

Баяу... Баяу ағып жатыр... Бүгін баяу ағып жатқан Сырдарияның жағасында тұрмын. Сарыарқаның күзгі қоңыр салқыны ұра бастаған Астананың бойыңды тоңазытар кешегі кешінен кейінгі Сырдың мына жағасындағы жайлы рай жанымды әлдебір ой арнасына салатындай...

Қашан болсын ағысының арыны қатты мына Сырдың бүгін баяулап, асау мінезінен қайта қалғаны несі екен?! Менің де көңілім баяу да қаяу бүгін...

Ауыр бір ой арқалаған жанымның сыр жағалауы да қоңыр кештің қоңыр тіршілігінің күйін шерткендей. Елегізи беремін... Кімді жоғалттым?! Кімді іздеймін?! Өзімнің ой-санамнан осыны сұраймын. Үн қатар емес ешкім де! Мүлгіген үнсіз тіршіліктің жар жағасында қашан болсын жалғыз қаларыңды бүгін болмаса да, ертең сезінерің де анық екен. Сол күйдемін. Әлден уақытта әлдекім «Мұратжан» дегендей болды. Апыр-ау, мынау таныс үн ғой! Кім бұл, кім?!. Селт еткен жан дүниемнің жады оянды ма, «апыр-ау, мынау Сейілбек ағамның үні ғой» деп тылсым тіршіліктің айналасынан ағаны көрер ме екенмін деп тағы да елегізідім. Жоқ... ешкім де көрінбейді... Ғайып дүние...

Бәлкім, бүгінгі бар дүниенің ертең жоғалары сияқты адам баласының да тіршілігі үзіліп барып, осылай ғайып болар ма екен?! Күні кеше ғана өзіміз ағалап жүрер Сейілбек Шаухамановтың, менің әз ағатайымның бар ғұмыры өткен мына Сырдың да мұңға батып және де ауыр бір оймен күйзеле де, баяу ағып жатқаны да сол өз арысының қазасының қасіретін әупірімдеп көтеріп бара жатқаны да болар?!

Талай да талай арыстардың тіршілігін ағызып алып кетіп жатқан мына ажалды дүниенің жағасын бәріміздің де жағалап жүргеніміз де анық. Алайда күні кеше ғана елі мен халқының ортасында жүрер, әркімнің шаңырағының төрінде отырар, көсіле сөйлеп, ағынан жарыла батасын беріп жатар Сейілбек ағаның өнегелі өмірі мен ғибратты ғұмыры енді ешқандай да және де ешбір теңіз бен мұхиттың арнасына сыймайтын сияқты. Өйткені Шаухамановтың бар саналы ғұмыр дариясы жаратылысынан тек өзіне ғана тән өз тереңдігімен, өз санасымен, өз арманымен, өз ойымен, өз арнасымен ақты. Иә, сол терең де таза, арлы да арманды, ойлы да арналы ғұмырының сексенге жетіп жығылған кезеңдерін ой сарасынан зерделеп өткізер болсақ, ғұмыр дариясының өзіне бұйырған күндері мен апталарын, айлары мен жылдарын Сейілбек аға мәнге де, өнегеге де толы, ұлағат пен парасатқа да толы өмірдің өрі мен төрінде, биігі мен белесінде өткізді. Туа салып биліктің тізгінін ұстамағаны да анық. Жалаңаяқ жар кешіп, табанын тас тіліп, алақанын күс басып жасынан еңбекке араласқаны да болды. 1962 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, жоғары білім алған аға өмірінің тағы бір кезеңдерін еске алар болсақ, ол бір тарих және де сол тарихтың жиырмасыншы ғасыры мен жиырма бірінші ғасыры аралығындағы, болмаса осы бір екі кезеңнің өлара тұсындағы өмір болатын.

Жуыр маңда құрылғанына бір ғасыр толғалы отырған кешегі ленриндік комсомолдың Сырдария мен Тереңөзек аудандық комитеттерінің бірінші хатшысы болудан басталған Сейілбек ағаның кешегі кеңестік жүйе кезіндегі партия-кеңес саласындағы жолы небір биік лауазым сүрлеуімен жалғасып жүре берер еді.

Шаухамановтың қос иығына елдің ауыр жүгі түсті. Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялаған сол бір тоқсаныншы жылдардың ауыр да қиын кезеңдерінде күн сайын құлдырап бара жатқан экономиканы да, жүдеп бара жатқан халықтың тұрмысын түзеу де оңайға түспегені ақиқат. Және де сол бір кезеңде тәуелсіздікке деген ел сенімін ояту, Елбасының жүргізіп отырған саясатының мәні мен маңызын кең бұқараға жеткізіп, дұрыс жол таңдап алғанымызды және де осы бағытпен күні ертең-ақ жетіліп кетерімізге иландыру мен ойландыру, халықты болашаққа талпындыру, оларды күрделі нарық жағдайындағы іске жұмылдыру айтқанға ғана оңай болар, бәлкім?!

Сол жалғаса берер ағаның абыройлы жолының тарихы әлі де жазылар деген сенімдемін. Ал енді бүгінгі айтарымыз Сейілбек аға кеңшар директоры, аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған кезеңдерінде ел өмірінде үлкен абыройлы із қалдырған және сол абыройдың биік асуына да көтерілген жан болатын. 1987 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің инспекторлығы лауазымында жүрген ағаның Талдықорған облыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайлануы соның бір айғағы болса керекті.

Тарихтың қилы-қилы кезеңдерінің, әсіресе соның ішінде кешегі Кеңес одағы ыдырап, қазақ елі өз тәуелсіздігін алған аса бір күрделі тұста Сейілбек Шаухаманов сынды ақылы мен парасаты, тәжірибе білігі қатар өріліп, ысылған да шыңдалған адамның өз елімізде, Сыр өңірінде болғаны қызылордалықтардың бағы болды десем, мені сөкпессіздер. Қазақтың қайталанбас біртуар азаматы Еркін Әуелбековтен кейін Қызылорда облысының басшылық лауазымына келген Сейілбек

Өтті де, кетті дейтін сол кезеңдердің ерлерінің бірі Сейілбек Қызылорда облысының өз жолымен дамып, өркендеп кете алатын жағдайы мен мүмкіндігі бар екендігіне өзгелердің көздерін жеткізе білген де тұлға болды. Қызылорда облысының тұңғыш әкімі, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұңғыш депутаты сияқты небір биік лауазымдардың орынтағында жай отырған жоқ. Осы бүгінгі сіз бен біздің Қызылордамыздың жайы мен жағдайын ойлап, шешімін күтіп тұрған небір өзекті мәселелерін шешуді ойластырып, солардың орайын келтіріп, бар жегені елдің қамы болды. Кердері Әубәкір айтқан «Жігітке ерлік те оңай, билік те оңай, егер қабырғалы болса халқы» дейтін сөзі бар. Халықтың қабырғалы болуы үшін перзенттерінің: «Бағасын бір Құдай берсін, игілігін халқым көрсін» – деп ететін еңбегі керек. «Әуелі халқыма болсын, халқында болса, мен де жерде қалмаспын» – деп істейтін қалтқысыз қызметі керек. Әсіресе, тәуелсіздікке енді қолы жетіп, тарихи мүмкіндікті іс қылып, шығуды енді діттеген ілгері тілеулі қауымға халқымен біте қайнасып, оның өмірлік мүдделері жолында аянбай еңбек ететін ет бауыр азаматтар керек. Олай болса, Түгіскеннің төрінде қара кемпір мен қара шалдың қойнында өсіп, ой саулып өскен, халқы кешкен қара борбай тіршіліктің ащысынан да, тұщысынан да бірдей дәм татқан Сейілбек ағамыздай ұлдар болмағанда, ондай ел үшін өзегін үзетін ет бауыр азамат қайдан шығады?! Сондықтан да тәуелсіздіктің атқан таңында әлеуметтің артқан үміті де, жүктер міндеті де, көрсетер сенімі де көп болды. Оны барлық шама-шарқы жеткенше Секең ақтады деп ойлаймын. Ағадан өшпейтін із де, атқарған іс те, ғибратты да ұлағатты сөз де қалды.

Сөз демекші, Сейілбек Шаухамановтың ешкімге дес бермес шешендігі мен көсемдігін өз басым ой жинақтап, ел ісіне араласа бастаған кезеңдерден бері анық тани бастадым. Өз өмірінің соңғы бір салиқалы кезеңін Қызылорда облысының соғыс және еңбек ардагерлері кеңесін басқарумен өткізген ағаның өзінің тұла бойындағы туабітті әлде бір тектілік, әлде бір ерекше қасиетімен қалың елдің ынтымағын жарастырып жүрер, елдің бірлігін ұйыстыра білер және де шамырқанып кетерлердің көңілін орнықтырып, көңіл шырайын келтіріп, жадыратып жіберер жайсаңдығы бар болатын. Алды кең деп жататынның нағыз өзі еді. Халқымыздың осы бір «алды кең» деген бір ауыз сөзінің өзінде жүрегі кең еді деген ұғым жатса керек. Расында да, жүрегі кең Сейілбек ағаның сол кең жүрегіне бәрі де, елдің жақсы айтқаны да, әлдебір ғайбаты да сыйды.

Шамырқануды білмейтін Шаухамановтың шырайлы жаны өзіне ғана тән сабырмен, өзіне ғана тән ақыл-парасатпен, өзіне ғана тән айта білер ойлы сөзімен сұлу болатын. «Мұратжан, Алла Тағала солай жаратқан соң қайтесің енді?! Кешірімді бол» деп отырар Сейілбек ағаның осы бір ауыз сөзі менің де қандай жағдайда болмасын сабыр жағалауында тұруыма осы күнге дейін әсер етіп келеді. Бұл Сейілбек ағаның мен үшін берген басты әрі ешқашан ұмытылмайтын және санама берік орнығып қалған адами сабағы болатын.

Енді ойлап отырсам, Сейілбек аға жалғыз менің ғана емес, осы қалың елінің ұстазы болғандай екен-ау! Кез келген жиын, кез келген той-томалақ ағасыз өтпейтін және де соның бәрінде де ел Сейілбек ағаның бір ауыз лебізін тыңдауға құмартып отыратын-ды. Аға сөйлейтін-ді, сөйлегенде де кешегінің би-шешендеріне тән қасиетпен қара сөздің майын тамызып, небір ұлағатты пайыммен ой толғайтын. Шаршы топтың алдына шығып сөз ұстағанда ұйып тыңдай қалар ортаның көңілін орнықтыра сөйлейтін, жақсылыққа ынтықтырар жақсы ой айтушы еді. Жұрт осы бір абзал ағаның батасын алуды мәртебе санады. Және де бір айта кететін жай сол, Сейілбек аға қалың елді бүгінгі билікпен, билікті бүгінгі қарапайым қалың бұқара халықпен байланыстырып, осы екі аралықтағы алтын көпір бола білді. Өзінің қалың елінің мұң-мүддесін билікке, сол биліктің саясаты мен ұстанымын халыққа жеткізіп, екі аралықтағы түсіністік пен ынтымақты байланысты орнықтырып, жалпы елдің бірлігін жарастыра білер Шаухамановтың шебер де шешімді дипломатиясы, бітімгерлік болмысы да елдің жадынан ешқашан кетпес және де ұмытылмас деген ойдамын. Аға осы екі аралықтағы алтын көпір болды деймін.

Астанадан Қызылордаға ұшып келген сайын көсіле ағып жатқан Сырдың жағасына келіп, көз жетер айналаны шолатыным бар. Көз көрім жердегі Сыр өңірінің бүгінгі тіршілігіне көңілім қуанады әрдайым. Қайнап жатқан тіршілік, қайнап жатқан өмір! Сол тіршілік пен өмір жағасындағы және де арғы да бергі жағалауындағы барша адам баласының ғұмыры да мына Сырдың суындай бүгінгідей баяу, кейде асау толқындарын жағаға ұрып сесті кейіппен, кейде момақан кейіппен сырғып қана, ағып өтіп бара жатқаны да бар екен-ау! Арғы мен бергіні, болмаса өткен мен кеткенді, бүгінгі мен ертеңгіні, кешегі мен болашақты жалғастырып тұрар дария ғұмырдың алтын көпірі іспеттес болған Сейілбек Шаухаманов өз тіршілігінде, өзекті өмірінің бар кезеңінде адам жүрегіне алтын көпір салып беріп кетті. Ол – елге деген адалдық, жан мен ар тазалығы, сабыр, ақыл мен парасат, имандылық көпірі! Енді, міне, Сейілбек ағаны өзі сүрген өмірі, кешкен ғұмыры мен бақылық дүние аралығындағы алтын көпірлі тіршілік жағалауында еске алып тұрмын. «Жаныңыз пейіште шалқысын... иманды болыңыз, әз аға» деймін!

Баяу... сол баяғы баяу қалпымен Сыр ағып барады!..

P.S. Жалған дүниеден озғаныңызға да қырық күн болып қалыпты. Іс-сапарға жол жүруіме байланысты арнайы асқа өкінішке орай қатыса алмай бара жатырмын. Оқылған дұға қабыл болсын.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
сенатор, саяси ғылымдар докторы, профессор.

Даналыққа толы ғұмыр

(ой-толғаныс)

Телефон азаннан шырылдап бебеу қақты. Трубкасын құлағыма апарарапармастан:

– Бұл, Шыңғыс ағаның үйі ме? – деген бейтаныс үн естілді.

– Иә, Шыңғыс ағаның үйі.

– Тыңдап тұрған кім екен?

– Сол ағаңның өзі.

– Мен Қызылорда қаласынан телефон шалып тұрмын. Сәкеңнің, Сейілбек Шаухаманов ағаның аттанып кеткенін айтуға мәжбүр болып тұрғаным...

Төбеден жай түскендей болып, телефон трубкасын тастай салып, отырып қалыппын. Бұл тамыздың жиырма алтысы болатын. Не деген суық хабар. Күні кеше ғана Ыдырыс Қалиев ағамыздың жылдық асында «Ыдеке, сіздің өміріңіз де, өліміңіз де өнеге» деп сөйлеп еді ғой. Ойпырым-ай, кешегі бар адам бүгін жоқ, жалған дүние деген осы екен ғой.

Әр заманның аты аңызға айналған адамдары болған. Сырда туып, Сырда өскен, аты республикаға танымал мемлекет және қоғам қайраткері Сәкең сондай адам болды. Пайымдап айтқанда, ақылы мен жігері, тапқырлығы мен табандылығы, кісілігі мен кішіпейілділігі, әділдігі мен адалдығы, іскерлігі мен біліктілігі, сабырлығы мен шешендігі сияқты қасиеті бір басынан табылатын дара тұлға дүниеден өтті. Ол қоғамға, Отанымызға, елімізге, оны білетін бәрімізге керек еді. Алайда адамның айтқаны болмайды, Алланың айтқаны болады деген.

Сәкеңнің аты айтылған кезде онымен қызметтес болған жылдар еске түседі. Ол 1975 жылы Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Осы кезден бастап қызметтес болуым «Райком» деп аталатын үлкен үйде басталып, 1980 жылға дейін күнделікті тығыз байланыста еңбек еттік. Сол жылдары орыстың атақты жазушысы А.П.Чеховтың «Адам бойындағы нәрселердің бәрі: жүзі мен киімі, ішкі дүниесі мен ойы да бір-бірімен жарасып, тамаша болуға тиіс», «ақыл-ойы жағынан – айқын, адамгершілігі жағынан – таза, дене құрылысы жағынан тартымды болуға тиіс» деген өнегелі сөздерін оқығаным бар-ды. Осы айтылған қасиеттердің барлығы да Сәкеңнің, Сейілбектің бойынан айна-қатесіз табылатын-ды. Бұл кезде ол 36 жаста еді.

Ол қызмет жасаған жылдары жиналыстар көп болатын. Трибунаға шыққан шешендер жазып алған баяндамасын немесе сөзін оқып шыққанша кейбір тыңдаушылар ұйықтап та қалатын. Ал, Сәкеңнің трибунадағы мінезінің өзі өзгеше болатын. Тікелей қызынып сөйлегенін былай қойғанда, ол кісі ұзақ баяндама жасағанның өзінде, ешкімді жалықтырмай, не айтса да құлшынып, өз темпераментімен өзгелерді де еліктіріп алып кететін, кейде ойда жоқ тың мәселелерді айтып, көпті серпілтіп тастайтын. Осы орайда ойыма бір мәселе оралады. Жыл сайын өтетін шопандар жиыны, бақташылар жиыны, сауыншылар жиыны міне, осылардың барлығында көбінесе екінші хатшы баяндама жасайтын. Ондайда Сәкең осы тақырыпта бұрын жасалған баяндамаларын алдына алып отырып:

– Ал, жігіттер, бұрынғы айтылып, жауыр болған сөзден аулақ болайық. Жаңа ой тастайық, жаттандылықты қояйық, – деп жаңа міндеттер қоятын.

Осыдан оның алыстан орағытатынын аңғаратынбыз.

Бір совхозға, не бір мекемеге бара қалса дереу жұртпен мидай араласып кететін. Сол жылдары ол аудан территориясында өсіп шығатын шөптің (оның ішінде шеңгел де, сексеуіл де бәрі-бәрі бар) құрамында мал азығындық қуаттың қандай дәрежеде екендігін арнаулы лабораторияларға жіберіп анықтатқан еді. Өзі басқа ауданға қызметке ауысып кеткеннен кейін, онымен ешкім айналыспады.

Ол бүгін істелетін жұмысты ертеңге қалдыруды қаламайтын, басқалардан да осыны талап ететін.

Ол халықтың жақсы қасиеттерінің барлығын бойына сіңіре білген азамат еді. Оның халықтан үйренген, жинақтаған сол тәжірибесін кешегі ел басқару кезінде орынды пайдалана білді де.

Оның әсерлі де, мағыналы сөздері бүгінде ел арасында афоризмге айналып кеткенінің де куәсі болып жүрміз.

Өтініш-арызбен келген адамдардың бәрін сергектікпен және жылы шыраймен қабылдау оның жұмыс стиліндегі басты белгі-тұғын.

Сәкеңнің келбетіне қарай ақылдылығы, қамқоршылдығы, пейілі де басқадан биік тұратынына оны білетін замандастары ешқандай дау айта алмайды.

Жанартаудай тұлғалы азаматтың орынсыз сөйлеп, орынсыз ашуланғанын қызметтес болған мезгілде көрген емеспіз. Бір есіткенін ұмытпайтын, бір көргеннен жаңылмайтын оның жан-жақтылығына шек келтіруге болмайды. Оның үстіне өзінен кіші адамдарға да кішіпейілділігі ол кісіге деген басқалардың жүрек жылылығын арттыра түсетін-ді.

1979 жылы «Аққыр» совхозында өткен шопандар тойына көршілес Өзбекстан Республикасының Бұхара облысы, Тамды ауданының бірінші хатшысы Ақберген Исаев жолдас қатысқан-ды. Сонда ол Сейілбек Шаухамановтың жүріс-тұрысына, сөйлеген сөзіне, айтқан әңгімесіне назар салып отырып:

– Қонеке, мына жігітке екінші хатшылық аздық жасап жүрген сияқты ғой, – деген-ді.

Дуалы ауыздың сол сөзінен кейін ол көп ұзамай Сырдария аудандық кеңес төрағасы болып сайланды.

Сәкеңнің жұмыс кабинетіндегі стол үстінде үш папка тұратын. Бірінші папкада өзінің сөйлеген сөздерінің жазбаларын, екінші папкада бірінші хатшының сөйлеген сөздерін, үшінші папкада аудандық, облыстық, республикалық, одақтық дәрежедегі газеттерден өзіне ұнаған материалдардың қиындыларын жинақтап отыратын.

– Бұлардың да әлі қажетке жарайтын уақыты келеді ғой, – дейтін.

Мұның өзі, сол кезде-ақ Сәкеңнің ойшыл, қайраткерлік қызметінің басталғандығын еске түсіреді. Тіпті, Сәкеңнің даналыққа ұласқан өмір жолы Жалағаш ауданының киелі топырағында басталған екен-ау, – деп батыл айта аламыз.

Оның ұйымдастырушылық қабілеті басқаларда сирек болатын құбылыс еді. Ол бұл қасиетін, әсіресе, облыстың бірінші басшысы болған кезде кеңінен көрсете білді. Өйткені оның облысты басқару кезеңі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жаңа реформаларды өмірге енгізу жұмыстарымен тұспа-тұс келді. Бұл кезде мұндай жаңалыққа еңбекші халық та, басшы орындарда жүрген кадрлар да толық дайын емес-ті. Бір сөзбен айтқанда, елімізде нарықтық экономиканың қалыптасуына Сейілбек Шаухаманұлының қосқан үлесі қомақты. Халық шаруашылығының басқару құрылымының қанша рет өзгергеніне қарамастан, елдің экономикалық ахуалы мен саяси өмірін бірқалыпты ұстап, облыс халқын жаңа заманның жаңа міндеттерін орындауға жұмылдыра білді.

Қатар жүргенде адам көп нәрсені байқай бермейтіндігі жасырын емес. Мүмкін албырт жастықтың әсері болар. Уақыт өте барып, қызметтес болған кезді еске алған сәттерде ғана көп нәрсенің байыбына баға бермегенімізді еріксіз еске алуға тура келеді.

Ешкім де бұл дүниенің тұрақты тұрғыны емес, жолаушысы екен-ау!

Дариға-ай десеңізші, осылайша кең дүниеге сыймаған дана адамдар тар табытқа сыйып кете берген ғой.

«Білгенге абыз – білмегенге аңыз» дегендей Сәкең, Сейілбек Шаухаманов – артына мәңгілік із қалдырып бара жатқан тұлға.

Зейнеткерлікке шығып, облыстық ардагерлер ұйымының тізгінін ұстаған күннен бастап, аты барда қозғалыссыз жатқан бұл қоғамдық ұйымның тамырына қан жүгіртіп, егеменді еліміздің тыныштығын сақтау, халықтар достығын нығайту, жастарға тәрбие беру, басқа да сан қилы шаралардың жүзеге асырылуында, ардагерлердің байыппен араласып кетулеріне жол ашқандығының бәріміз де куәсі болып жүрміз.

Сәкеңнің, шығармашылық еңбектерінің өзі тұтас бір дәуірде еңбек еткен тұлғалы азаматтар мен қарапайым еңбек адамдарының, солар арқылы сол қоғамның тарихи шежіресін көз алдымыздан кино кадрындай тізбектеп өткізетіндігіне риза боласыз.

Оның жазбаларынан автордың парасат – пайымы биік, қабілет-қарымы кең, ойлау қабілеті тұңғиық терең екендігі, сөйлем құрылымынан шешендіктің қайталанбас белгілерінің барлығы, сөз құдіретін, ойды орынды пайдалана білетіндігі көрініп-ақ тұрады. Ол өзінің шығармаларында адамды, әсіресе жастарды адамгершілікке, рухани тазалыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу бағытында терең толғанады.

Жарияланған мақалаларында айтылған тұжырымды пікірлері болашақты болжаушылық ойлары, қазіргі кезеңнің түйткілді мәселелерін шешу жөніндегі ұсыныстары, қандайда болмасын өмір ағысын алыстан аңғаратын халықтың нағыз қайраткер, дана азаматы болғандығын көрсетеді. Ол әрқашанда өз халқыңды, өз Отаныңды шексіз сүйе білуден асқан қасиетті іс жоқ дейтін. Сондықтан да оның жазбалары өміршеңдігімен қымбат. Оның қаламынан шыққан «Алтын алма, ақыл ал», «Бақытыңды бағалай біл», «Ер қанаты», «Мұхтар Әуезов – Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы», «Иесі кім бұл елдің, киесі кім бұл жердің», «Парыз бен парасат» атты кітаптарынан үлкен парасаттың белгілерін көреміз. Халқының аяулы перзенті Сейілбек Шаухаманұлының өнегелі өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі мен жарқын бейнесі елінің есінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

АЛҒАШҚЫ ШАРА АБАЙҒА АРНАЛДЫ

Екі жүз жылдық тарихтың дүбірлі тойы өтуде. Қызылорда қаласындағы мерейтойлық шараның алғашқысы Алаштың бас ақыны Абайға арналған. Әдеби жыр марафоны Абай аллеясында «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атауымен өткізілді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Бүгінге дейін қазақта Абайдан асқан ақылшы жоқ. Себебі, Абай – ұлттың ойлау деңгейін келесі кезеңге көтерген тұлға. ХХ ғасырдың 20-жылдарында «Жаңа әдебиет» журналында «Мен қалай жаза бастадым» деген айдар болған. Сонда Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер алғашқыда қалай жазғандарын еске алады. Бәрінде бір ұқсастық бар. Абайды оқыған, содан кейін ғана жаңа деңгейге көтерілген. Үлкен өркениет қалыптаспаған Жидебайда отырып-ақ, адамзаттың ой кеңістігін еркін аралап, ұлт ретінде жойылмаудың формуласын айтып кеткен тұлға елді ел болуға шақырды.

Жыр марафонына «Таным», «Абайтану» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, педагогика ғылымдарының кандидаты Абат Жолдасова, балалар ақыны Рахат Наурызбаева, жазушылар Мұхамеджан Нұрханов, Несібелі Рахмет, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қадиша Қорғанова қатысып, Абайды толық меңгерсек қана рухани тұрғыда жаңғыратынымызды басып айтты. Сондай-ақ, белсенді жас оқырмандар ақын өлеңдерін жатқа оқып, үш тілде өмір жолын баяндады. Жыр додасы ел есінде Абайдың қара сөздері мен әндерін де қайта жаңғыртты.

Қазақ хәкім атауын тек екі адамға арнап айтқан, соның бірі – Абай. Қызылордадағы үшінші жүз жылдықтың бастауында хәкім Абайдың ұлықталуы маңызды қадам болды.

Brıfing

Өңірлік коммуникациялар қызметінде Арал ауданының әкімі Мұхтар Оразбаевтың қатысуымен брифинг өтіп, ауданда биылғы 8 айда атқарылған жұмыстар сараланды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ТЕҢІЗДІ АУДАНДАҒЫ ТОЛЫМДЫ ТІРЛІК

Есепті мерзімде 10958 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 6,251 млн теңгені құрады. Сондай-ақ, салық пен басқа да түсім түрлерінің болжамды орындалуы 2264,1 млн теңге немесе 114 процент болды. Оның ішінде аудандық бюджетке түсім 1398,9 млн теңгеге жетіп, 107,8 процентке орындалған.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 8414,8 млн теңгені құрап отыр. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 6271,2 млн теңгенің өнімі өндіріліпті. Атап айтқанда, 145,5 мың тонна йодталған ас тұзы, 2547 тонна балық өнімдері және 68,3 текше метр кварц топырағы өңделген.

Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына ауданнан 1,8 млрд теңгенің 4 жобасы енгізілді.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша жалпы құны 309,9 млн теңге болатын 9 жоба қаржыландырылған. Оған қоса, құны 60 млн теңгені құрайтын 2 жоба кепілдендірілген.

Құрылыс саласында барлығы 10 жобаны іске асыруға 4,5 млрд теңге қаржы қаралған. Соның ішінде Арал қаласындағы №14 мектептің қосымша құрылысы, 150 орындық аудандық орталық аурухана, екі қабатты әкімшілік ғимараты жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде.

– Сонымен бірге, Арал қаласында ашық спорт алаңы мен балалар ойын алаңының құрылыстары аяқталып, өткен аптада пайдалануға берілді. Жыл ішінде іске қосылған құрылыстардың қатарында Сексеуіл кентіндегі спорттық-сауықтыру кешені мен аудандық №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің ғимараты бар. Өздеріңіз білетіндей, Арал қаласындағы Т.Жароков көшесінде орналасқан екі қабатты ғимаратта төтенше жағдай орын алған болатын. Ол 1986 жылы балабақша мақсатында салынып, кейін тұрғын үй ретінде берілген. Ғимараттың екінші қабатының төбе жабындысы құлады. Онда 19 пәтер орналасқан. Бұған қоса, Арал қаласының Аралтұз көшесінде орналасқан 8 пәтерлі екі қабатты тұрғын үй апатты жағдайда болатын. Аймақ басшысының жедел әрекеті нәтижесінде облыстық бюджеттен 310 млн теңге қаржы бөлініп, 27 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, өткен аптада тұрғындар игілігіне берілді,– деп атап өтті Мұхтар Оразбаев.

Жыл басынан бері жұмыс іздеуші ретінде хабарласқан 2526 адамның 893-і тұрақты жұмысқа орналасса, 745-і қоғамдық жұмысқа жіберілді. Есепті кезеңде 9 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, 908 жаңа жұмыс орны ашылған.

Білім саласын цифрландыру бағытында 110 комплекті интерактивті тақта алынып, ауылдық 22 мектепке 5 комплектіден берілсе, 11 мектеп «электронды күнделік» жүйесімен, 15 білім ұясы «Білімлэнд» виртуалды оқыту платформасымен онлайн негізінде және 34 мектеп оффлайн негізінде жұмыс жасайды. Бірнеше білім беру ұйымында робототехника кабинеттері ашылса, 27 мектеп кең жолақты интернет желісіне қосылған.

Сондай-ақ, денсаулық, мәдениет, ауыз сумен қамту, газдандыру, жол жөндеу, абаттандыру бағытында да бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылған.

Облыстық ішкі істер департаментінің 2018 жылдың 8 айында атқарған жұмыстары туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте сала басшысы Қайрат Мұхитов баян етті.

Департамент бастығы атап өткендей, қылмыстық құқық бұзушылық өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18% төмендеген. Сонымен қатар, қоғамдық орындарда, көшелерде жасалған қылмыс саны азайып отыр.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ҚЫЗЫЛОРДА – ҚАУІПСІЗ ОБЛЫС ҚАТАРЫНДА

Бүгінгі таңда 10 мың тұрғынға шаққанда қылмыстылықтың деңгейі 93-ті құрайды. Бұл көрсеткіш Қызылорда облысын республика көлеміндегі криминогендік ахуалы тұрақты, қауіпсіз облыстардың қатарына қосып отыр.

Ағымдағы жылы республика көлемінде "Көкнәр-2018" кең ауқымдағы жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Осы ретте департаменттің базасында "Дельта Сырдария" есірткі бизнесіне қарсы күрес желісі құрылып, жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында бірнеше жедел іздестіру топтары құрылды. Олар тікұшақтармен, автокөліктермен жасақталған. Сонымен бірге, есірткі алқаптарын анықтау мақсатында барлық аудандарда дрондар алынса, департаментте алыс қашықтарды бақылау үшін ұшқышсыз басқарылатын көпфункционалды аппарат пайдаланылуда. Алдағы уақытта "Қазақстан ғарыш сапары" Ұлттық компаниясының мүмкіндіктерін пайдаланып, облыс аумағындағы есірткі алқаптарын ғарыштан түсіру жұмыстары жүргізілетін болады. Есепті мерзімде есірткі өсірудің 74 дерегі анықталып, жалпы салмағы 10 мың тоннадан асатын 73 мың түп сора өсімдігі жойылды. Нәтижесінде 54 қылмыскер құрықталып, тұтынушыларына баратын үлкен көлемдегі есірткінің жолы кесілді.

Жол-патрульдік полиция қызметі тамыз айынан бастап қоғамдық жерлерде, оның ішінде көпқабатты үйлердің аулалары мен халық көп шоғырланған аймақтарға жаяу патрульдеу бағытына шығарылып, бұл оң тәжірибе өз нәтижелерін беруде.

Сандық технологияларды дамыту аясында «Электрондық қылмыстық іс жүйесі» жобасы енгізіліп, қазіргі уақытта қылмыстық істер электрондық форматта тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде. Аталған жүйе тергеу жұмыстарының жылдамдығын арттыруға, қылмыстық процеске қатысушыларға қылмыстық істердің тергеу барысын электронды түрде бақылап отыруға мүмкіндік береді. Осылайша істің бұрмалануына жол бермей, қылмыстық істерді тергеу барысында сыбайлас жемқорлық көріністерін жоюға өз ықпалын тигізеді. Қазіргі таңда, электронды форматта жалпы саны 179 қылмыстық іс тергеліп, оның 136-сы сотқа жолданды.

Брифингте облыстық ІД Жергілікті полиция қызметінің қылмыстың алдын алу, қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы атқарған жұмысы туралы осы құрылымның бастығы Бауыржан Ибраев айтып өтті. Оның атап өткеніндей, есепті мерзімде атқарылған профилактикалық шаралар нәтижесінде жалпы қылмыстылық деңгейі – 17, ұрлық – 9,9, мал ұрлығы – 22,4, қоғамдық орындарда жасалған бұзақылық 6 процентке азайған. Қылмыс пен құқық бұзушылықтың және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында 72 жедел-профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды.

Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасының қызмет көрсету аймағына облыс орталығы мен Ақсай және Тасбөгет полиция бөлімдері, сонымен бірге 8 елді мекен кіреді. Есепті кезеңде қала бойынша қылмыстың тіркелуі өткен жылмен салыстырғанда 19,8% кеміп отыр. Барлық тіркелген 3171 қылмыстың басым бөлігі қоғамдық орындарда жасалған болса, одан кейін алаяқтық қылмысы тұр. Бұл туралы ҚІІБ бастығы Дәулет Беркімбаев айтып өтті.

Брифинг барысында журналистерге жол-патрульдік полиция қызметкерлері пайдалана бастаған электронды планшеттер таныстырылды. "Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі" (ЕРАП) жобасы бойынша қолданысқа енгізілген планшеттерге әрбір жүргізуші туралы толық деректер енгізілген. Полиция қызметкері енді құқық бұзушыға толтырылатын хаттаманы қағазға түсіріп жатпайды. Сонымен қатар, оны толтыру уақыты да бірнеше есе қысқарады. Ең бастысы, жүргізуші мен полиция қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтың орын алуына мүмкіндік қалмайды. Құқық бұзушының аты-жөні енгізілісімен-ақ ол туралы деректер бірден орталық базаға түсіп тұрады. Сол секілді, айыппұлды бірден төлеп кетуіне де болады.

Брифинг соңында журналистер тарапынан қойылған сан түрлі сауалдарға жауап берілді.

Жарнама Тел: 70-00-49, 70-00-52 e-mail: smjarnama@mail.ru

Уәкілетті органдармен жеке және заңды тұлғалардың арыз–шағымдарын қабылдау, қарау тәртібі туралы

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) қызметкерлерімен Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 12 қаңтарындағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау, зерделеу, аудиторлық іс-шаралар жұмыстары жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 47-бабына сәйкес, әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға құқылы.

Шағым жасалған жағдайда, конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттаманы орналастырған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады және бір жұмыс күнінен кешіктірмей, тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

Департамент басшысы әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 16.00-ге дейін азаматтарды қабылдау жүргізілді.

Орынбасарлары әр аптаның жұма және бейсенбі күндері сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін азаматтарды қабылдайды.

Департаментпен шағым беру рәсімдерін оңтайлату мақсатында "Электронды шағымдарды қабылдау" www.fink.kyzyl@minfin.gov.kz электронды мекен-жайы арқылы жүзеге асырылады. Бұл қызмет көрсету Қазақстан Республикасының азаматтары өз шағымдарын ғаламтор арқылы беру үшін пайдаланылады.

Болатбек ШОНИКОВ,
облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің персоналмен жұмыс және қызметті қамтамасыз ету бөлімінің басшысы.

ҰЗАҚ ЖАСАҒЫҢ КЕЛСЕ, ЖҮРЕГІҢДІ АЯЛА!

Жыл сайын 28 қыркүйекте Бүкіләлемдік жүрек күні атап өтіледі. Бұл күн қоғам және жеке азаматтардың назарын жүрек-қан тамыры ауруларының мәселелеріне және олардың алдын алу мүмкіндіктеріне аудармақ. Биылғы іс-шара «Менің жүрегім – сенің жүрегің!» атты ұранмен өткізілуде.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қазіргі жүрек-қан тамыры ауруларының эпидемиясы тамақтану құрамының өзгеруіне тікелей байланысты деп отыр. Қоршаған ортаның 80 процеттен артық жағымсыз факторлары адам ағзасына жеген тамағы арқылы әсер етеді. Сондықтан адамдардың дұрыс тамақтану мәдениетінің де маңызы зор. Жүрек-қантамыры ауруларын қоздыратын тағы бір себеп – күйзеліс, торығу, ол адамдарды жасына қарамай, жүрек талмасына ұшыратады. Сонымен қатар денеге шамадан тыс салмақ түсіру, спирттік ішімдік пен темекі сынды зиянды әдеттер шалдықтырады.

Адам өмірінің мәнді де сәнді болуы өмір салтына тікелей байланысты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деп дана халқымыз айтқандай, аурудың алдын алу әрбір адамның өз қолында.

Ж.ҚАМБАРОВА,
«Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС маманы.

ҚАЖ Комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ЗК-169/5 мекемесі басшылығының азаматтарды жеке қабылдау КЕСТЕСІ

№	Лауазымы	Аты-жөні, тегі	Қабылдау күні
1	Мекеме бастығы, әділет подполковнигі	Қалымбетов Тасболат Шакенұлы	Сейсенбі сағат 15.00-17.00
2	Мекеме бастығының режим және жедел жұмыстары жөніндегі орынбасары, әділет майоры	Маханов Ерлік Бахытұлы	Сәрсенбі сағат 15.00-17.00
3	Мекеме бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, әділет подполковнигі	Омаров Бақытжан Батырбайұлы	Бейсенбі сағат 15.00-17.00
4	Мекеме бастығының жалпы сұрақтары жөніндегі орынбасары, әділет майоры	Тохтамысов Сейлхан Ермекбайұлы	Жұма сағат 15.00-17.00

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне және 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің ЗК-169/5 түзеу мекемесінде 21-55-20 нөмірлі «Сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды.

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (18-22) «Батыс Тұзкөл кенішінде 6 кВ Электр тарату желілерін тарту. 5,6 Сақина» (Оңтүстік бөлік) жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм.

Байланыс тел.:
8 701 335 96 50,
8 777 058 24 69.

(10-9).

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49, 70-00-52
телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, қарымды қаламгер

Бақтыбай Смайылұлы Бердібаевтың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы «Музыкалық білім және дәстүрлі музыка өнері» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., Маргарита Сарманбайқызы Макашоваға апасы

Майра Сарманбайқызы Макашованың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының ұжымы театр артисі Айгүл Қиятоваға ағасы

Асан Қиятовтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ДЕНІ САУ ЖАНҰЯ – ДЕНІ САУ МЕМЛЕКЕТ

Әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, ата дәстүрі болады. Елбасымыздың бәсекеге қабілетті ұлт, бақытты отбасы, саналы да білімді, дені сау ұрпақ қалыптастыруға бағытталған сындарлы саясатының нәтижесінде ана мен баланы қолдау бойынша бағдарламалық құжаттар, гендерлік теңдікті сақтау стратегиясы қабылданды. Мемлекеттік деңгейдегі отбасылық саясатта тұтастай жүйе қалыптасты. Әрине, отбасылық саясаттан бөлек отбасылық құндылықтар деген бар. Ол – халқымыздың тарихымен біте қайнасып жатқан дәстүрлер, отбасы мәдениеті мен этикасы. Отбасының қалыптасуына қоғамның қалыптасуы тікелей байланысты. "Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ" деген даналық сөз ұлттық тәрбиенің отбасылық өмірде атқарар ролін айқындап тұрғандай. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев "Болашаққа бағдар рухани жаңғыру" мақаласында "Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс, керісінше, заманауи сыннан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет" деп атап көрсетті. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағының кепілі. Әр бала атаның қанымен, ананың сүтімен келетін туабітті қасиеттер сияқты ұлттық рухани құндылықтарды да ең алдымен отбасында ата-ананың тәрбиесімен бойына сіңіретіні анық. Ендеше ұлттық тәрбие – ұлт болып ұйысудың, ел болып ертеңге нық қадам басудың негізі болмақ.

Т.МҰХАНБЕТҚЫЗЫ,
«Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС дәрігері.

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген "Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың" 53-тармағына сәйкес "Қазгермұнай" БК" ЖШС-ның Нұралы кен орнында №400 ұңғымасында көмірсутек шикізатын өндіруге уақытша пайдалануға берілген жерді қалпына келтіру жобасына "Қоршаған ортаны қорғау" жобасымен бірге қоғамның пікірін тіркеу үшін жазбаша ұсыныстары мен ескертулерін қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Аманкелді көшесі, 100 мекенжайында және kgm@kgm.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8 (72 42) 600 128/ 600 118.

Konferentsıa

«English for Jastar» – жаңа жоба

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Бұрындары ауылдан қалаға келген қазақ баласы орысша білмегеніне налитын. Қазір мүлде өзгеше, көпшілік ұл-қызының ағылшын тілін меңгеруін де қажет санайды. Себебі, жеті жұрттың тілін білуді әуелден мақсат еткендерге болашақтың есігі ашық. Бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетіндер өз елінде де, шетте де бәсекеге қабілетті жанға айналады. Осыны ескерген қалалықтар баласының бос уақытын түрлі тіл оқыту курстарында өткізуді дағдыға айналдырған. Ал ауылдық жерде қосымша дәріс алуға мүмкіндік беретін мұндай орталықтар тапшы. Бірақ, «Жас Отан» ЖҚ мен «Болашақ» қауымдастығы жаңа жоба арқылы елімізде аталған кемшіліктің орнын толтыруды мақсат етіп отыр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында «Жас Отан» ЖҚ ҚОФ төрағасы Талғат Тілес хабарлады.

– «Нұр Отан» партиясының ауылдық мектеп оқушыларына ағылшын тілін тегін оқытатын «English for Jastar» жобасы іске қосылды. Ол Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде іске асып жатқан үштілділікті енгізу жөніндегі ауқымды бағдарламаны қолдау бағытында дайындалған. Тікелей үйлестірушісі – «Жас Отан» ЖҚ. Тың бастама қанатқақты режимде 2 ай бойы жүргізіледі. Жоба аясында еріктілер мен шетелдік азаматтардан құрылған топ 9-11 сынып оқушыларының мектеп бағдарламасынан тыс ағылшын тілін жетілдіруіне атсалысады. Біздің облыстан 19 ерікті жобаға қатысуға ниет білдірді. Тестілеуден және сұхбаттасудан өткеннен кейін олардың 11-і іріктеліп алынды. Енді олар облыстың барлық жеті ауданында қызмет ететін болады. Оқыту айс-брейкинг, дебат және басқа да әдіс-тәсілдермен жүргізілмек. Келесі айда Арал және Қармақшы аудандарындағы ауыл оқушыларына тілді меңгертуге 2 шетелдік азамат келеді деп жоспарлануда. Жобаның сәтті жүзеге асуына облыстық білім басқармасы да қолдау көрсетіп жатыр, – деді Т.Тілес.

Айта кетейік, республика бойынша үштілділікті дамытуға ниет білдірген еріктілердің саны 141-ге жеткен екен. Олардың 75-і – жоғары оқу орнында білім алып жатқан студенттер. Ал шетелдік еріктілер қатарында Гарвард университетінің түлегі, Кэмбридж университетінің магистранты Кэннет Палмер бар.

«СЫР ТҰЛПАРЫ»

ХАС ЖҮЙРІКТІҢ БАҒЫ ЖАНҒАЛЫ ТҰР

Киелі Сырдың жүрегі – Қызылорда қаласының қос ғасырлық мерейтойы апта басынан алуан шарамен әрленіп келеді. Сәтін салса, осы сенбіде, ат баптап, арғымақ мінген арда қазақ той тартуының ерекше сыйына куә болғалы тұр. Күні бұрын дүйім елге дақпырты жеткен бұл аламанның «алды кім болар екен?» деген сыншылар сөзі көптен бері әлеуметтік желіде желдей есуде. Ұлттық өнердің төре түріне бұлайша қызу алған қоғамдық пікір тектен-тек емес. Өйткені, бұл – қазақтың дара дәстүрі, жігер-намысы!

Қазір тәуелсіз елдің түкпір-түкпірінде ат шаптырып, аламан құрып отырған қауым көп. Соған сай талай жүйріктің де атағы ел аралап жүр. Бір аныағы, бүгінгі қазақ жабыдан ат жаратпайды. Бәйгенің бәсі биік, қарқыны қатты. Таза қанды жылқылар дес берер емес. Бірақ сол таза қанды жылқыны тек алыс-жақын шет елдерден алдыртып, баптап жүрген атбегілер «қолтума» өсіруге аса құнтты емес. Неліктен? Сұрақ көп, жауабы да әрқалай.

Тақырыпқа тереңірек тағы айналып келерміз. Ал бүгінгі түйін: Сыр жүрегі – Қызылорданың мерейтойға үлкен әзірлікпен келуі. Соңғы бес жылда жаңашылдыққа жол салған, еліне ел қосылып Арқа төсіндегі Астанадай сол жағалауға жаңа қала салған, айта берсек жетістігі жоталы өңірдің ұлттың сара сайысы – ат спортына да ерекше көңіл бөлгенін талай жұрт тағы бір танығалы тұр. «Қызылорданың ипподромы өзгелерге үлгі болса керек» деп еді әуелден-ақ атбегі қауым. Міне, сол ұлт өнерін ұлықтауға қызмет ететін орын сенбіде дүлдүлдер дүбіріне бөленеді.

«Ат бәйгелі, есіміңіз әйгілі болсын!»

Jiger

Шиелі ауданындағы Бәйгеқұм ауылының тұрғыны Қарлығаш Жақыпованың мамандығы мұғалім, алайда ол ауылдастары арасында тігіншілігімен де белгілі.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ӨМІРІ ҚАЙСАРЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІНДЕЙ

Екінші сынып оқып жүргенде темір жолдың арғы бетіндегі мектепке барар жолда поездың астына түсіп, бір ажалдан аман қалған Қарлығаш талай қиындықты басынан өткерді. Бір аяғы мен қолының кемтарлығына қарамастан, алдағы күннен үміт үзбеді.

Мектепті бітірген соң қайсар қыз өзі қалаған оқуына түсіп, мұғалімдік мамандық алды. Жұрт қатарлы еңбек етіп жүріп, алғашында қолы қалт еткенде кілем тоқуды ермекке айналдырды. Соңғы үш жылдан бері тігіншілікке бет бұрып, бүгінде қыз жасауын тігумен айналысады.

– Бастапқыда өзімнің, жақындарымның тапсырысымен біріне көрпеше, біріне төсек жабдықтарын тігіп беріп жүрдім. Онда да мектептегі жұмысымнан босаған уақытта. Әсіресе, жазғы каникулда үйде қарап отырғанша деп тігін тігуді жөн көремін. Бірақ, еш уақытта кәсіпкер боламын деп ойламаппын. Негізінен кәсіпкер ретінде жұмысымды бастағаным биыл. Онда да бірден бастап кетуге батылым бармай, қорқасоқтап, көп ойландым. Аудан әкіміне рахмет, жөн-жобасын түсіндіріп, кәсіп ашу үшін не істеуім қажеттігін айтып, біраз кеңес берді,– деді Қарлығаш.

Содан кәсіпкерлік палатасы арқылы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша курстан өтіп, бизнес жоспарын құрып, 1 млн теңгенің қайтарымсыз грантын ұтты. Сол қаржыға екі тігін машинасын сатып алды. Өйткені, қолданып жүрген тігін машинасы әжесінен қалған өте ескі болатын.

Уақыт өте келе Қарлығашқа тапсырыс берушілер қарасы көбейіп келеді. Біз барғанда кезекті қыз жасауын дайындап жатыр екен. Кәсіпкер аудан орталығы мен Қызылорда қаласынан жиі тапсырыс түсетінін айтты. Сондай-ақ, көрпе-көрпеше тіккенде тапсырыс берушінің талғамына сай жасауға тырысады. Кейде өзі де тігінші, шебер ретінде үлгісін көрсетіп, ұсынысын айтып, өз идеясына сүйенеді. Тапсырысты орындау мерзімі де әртүрлі, көп жағдайда тапсырыс берушінің уақытымен санасады. Сол секілді қажетті материалдарды өзі табады. Ең алдымен матаның сапасына мән беретінін айтты тігінші.

– Қажетті материалдарды өзімнен шығарамын. Себебі, сапасы әртүрлі болады. Біреу тауар таныса, енді бірі танымайды. Сондықтан дұрыс мата алмауы мүмкін. Осындай жайттарды ескере отырып, өзімдегіні ұсынамын. Қазір материал алу жөнінде Түркістан қаласынан бір кәсіпкер кісімен келістім. Осыған дейін жалғыз өзім айналыстым, енді жаныма бір көмекші алып отырмын,– деді ол.

Қарлығаш облыста алғаш рет өткен «Өзіне сене баста!» атты мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер өнімдерінің көрме-конкурсына қатысты. Бұл оған үлкент шабыт сыйлады. Өзі секілді тағдыр тауқыметін тартқан жандардың таудай талабы, мұқалмас жігері, өлшеусіз еңбегі паш етілген көрмеден қанаттанған ол алдағы уақытта кәсібін кеңейтуге бекініп отыр. Бүгінде тек қыз жасауымен ғана шектелмей, заманауи үлгідегі перделер тігуді де ойға алған. 25 жылдық мұғалімдік еңбек жолын осылайша кәсіпкерлікпен ұштастырған Қарлығашты қайсарлықтың үлгісі дерсіз.

ТҰҢҒЫШ ТҮЛЕКТЕРДІҢ КЕЗДЕСУІ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Әркімге өзі білім алған, өміріндегі ең елеулі шақты өткізген алтын ұясы қымбат. Қызылорда қаласында орналасқан Сәкен Сейфуллин атындағы №4 орта мектепте жуырда мазмұнды кездесу болды. Олай болатын себебі, кездесуге келген мектептің қырық бес жыл бұрынғы әрі тұңғыш түлектері еді.

Назерке САНИЯЗОВА.

Он жеті-он сегіз жасында арман қуып жан-жаққа аттанған бозбалабойжеткендердің жасы бүгінде алпыстың үстінде. Әрқайсысы шаштарына ақ түскен ата мен әже атанды. Әрісі алыс-жақын шет елдерде, берісі Қазақстанның әр түкпірінде және туған жерде тіршілік етіп жүр. №4 мектеп 1964 жылы ашылған уақытта аралас орта мектеп болды. Ал қазір сабақ тек қазақ тілінде жүреді. Өмірдің иірімімен тарыдай шашырап кеткен түлектер білім ошағының ұзақ жылдан кейінгі кейпін көріп, жетістіктеріне қуанды, оқушылардың өнерін тамашалады. Өздері оқыған кабинетке кіріп, парталарына отырды. Балалық шақтағы балдай тәтті естеліктермен бөлісті.

Кездесудің тағы бір тағылым алар тұсы, оған сынып жетекшілігін атқарған Людмила Моставщикова да қатысты. Зейнеткер еңбек жолын осы мектепте химия-биология пәнінің мұғалімі ретінде бастаған.

– Балалар бір-бірімен өте тату, елгезек, білімге құштар болды. Бұзықтық жасаған сәттері де есіме түсіп отыр. Сол кездегі басшымыз Қасымбек Ибраевтың арқасында білікті педагогтар ұжымы қалыптасты. Міне, бүгін алыста тұратынына қарамастан, сыныпта оқыған жиырма бесі түгел жиналды. Әрқайсысының орны мен үшін бір төбе, – деді ұлағатты ұстаз.

Ұрпақ сабақтастығын жалғаған шарада кішкентай өнерпаздар қадірлі қонақтарға арнап концерттік бағдарлама ұсынды. Мектеп директоры Ақгүл Алтынбекова жас буын бұдан тәлім мен тағылым алатынына сенім білдірді.

– Біздің де оқушыларымыз ағаапалары сияқты білім алған орындарын ұмытпаса екен. Сіздерге қарап бой түзесе, болашақ мақсаттарын айқындаса екен. Өздеріне артылған сенімді ақтаса, ұстаз үшін одан асқан бақыт жоқ, – деді ол.

ЖАРТЫ ҒАСЫР БҰРЫН...

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бағытында Қараөзек ауылында тағылымды шара өтті.

Туған топырақты қастерлеу – халқымыздың ата-бабадан жалғасқан қағидасы. Осы қағиданы ұстанған әр адам атамекен – алтын бесігін естен шығармай, оған өзін мәңгілік қарыздар санайтыны ақиқат.

№128 негізгі мектепте 50 жыл бұрын түлеп ұшқан түлектермен өткен кездесудің маңызы зор болды. «Туған жерге тағзым» тақырыбында ұйымдастырылған шарада әр салада еңбек етіп, табысқа жеткен танымал азаматтар өз сынып жетекшісі Тоқтасын ағаймен бірге келді.

1968 жылы «Қараөзек» мектебін бітірген түлектер сөз алып, өздерінің мектеп партасында өткізген қызықты шақтарынан, балдәурен балалық кезеңнен әдемі естеліктер айтты. 3 шақырым жердегі Айнакөл ауылынан, 10-разъезден қатынап білім алғандарын, сол білімдері өмірлік азық болғанын оқушыларға мақтанышпен жеткізді. Мектепте білім нәрімен сусындатқан ұстаздарын естеріне алып, ол кісілерге алғыстарын білдірді, жас буынға ақ тілектерін арнады. «Ауылым – әнім» әнін шырқап, туған жерге деген сағыныштарын, ыстық ықыластарын әдемі әуенмен жеткізді.

Бақытқүл ДӘУЛЕТИЯРОВА,
№128 негізгі мектеп директорының орынбасары

Кезекші редактор **Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
рухаият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28729
Тапсырыс №1540

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz